**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «АЛМАТЫ ДАРЫНЫ» ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР МЕН ТАЛАНТТЫ ЖАСТАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ЦЕНТР ПО ВЫЯВЛЕНИЮ И ПОДДЕРЖКЕ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ И ТАЛАНТЛИВОЙ МОЛОДЕЖИ «АЛМАТЫ ДАРЫНЫ» УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АЛМАТЫ**

050067 Алматы қ., Сейфуллин даңғылы,597
тел.: (727) 255-83-05
e-mail: almaty.daryny@mail.ru

050067 г. Алматы пр.Сейфуллина,597
тел.: (727) 255-83-05
e-mail: almaty.daryny@mail.ru

17.05.2022 № 161-22

**Аудандық білім бөлімдерінің басшыларына**

Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығы Балалар жылына орай **«Алматы БАЛАFEST» фестивалі** аясында **«Шахмат – ақыл-ой спорты» байқауы** өткізілетінін хабарлайды.

Байқау **2022 жылдың 26 мамырында Махатма Ганди атындағы 92 мамандандырылған лицей** базасында өткізіледі.

**Тіркелу:** сағат 9.00 – 9.40

**Басталуы:** сағат 10.00

Байқауға әр ауданнан 5-6 сынып (1 құрама), 7-8 сынып (1 құрама) оқушыларынан құрылған 2 құрама команда (2 ұл, 2 қыз) қатысады.

Шахматтан барлық ойын ФИДЕ халықаралық ойын Ережесімен сәйкес өткізіледі.

Құраманың өтініш қағазын және әрбір қатысушының жеке парағын ережеге сәйкес almaty.daryny@mail.ru электронды поштасына жіберілу керек.

*Қосымша: Байқау ережесі - 3 бет*
*Өтінім үлгісі – 1 бет.*

**Директор** **Ж. Айтпаева**

000080

**«Шахмат – ақыл-ой спорты» байқауының**
**ЕРЕЖЕСІ**

## 1. Жалпы ереже

1.1. Балалар жылына арналған «Шахмат – ақыл-ой спорты» байқауы (бұдан әрі – Байқау);

1.2. Балалар жылына арналған байқауды өткізу туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) байқау мақсаты мен міндеттерін белгілейді, ұйымдастырушылар мен қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды;

1.3. Байқау «Алматы БАЛАFEST» балалар фестивалі аясында өткізіледі.

1.4. Байқаудың ұйымдастырушысы Алматы қаласы Білім басқармасы болып табылады.

1.5. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін әр кезеңге сәйкес жеке Ұйымдастыру комитеті құрылады, оның құрамына: ұйымдастыру комитетінің төрағасы мен мүшелері кіреді.

## 2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- Алматы қаласы Білім беру ұйымдарының білім алушыларын спортпен тұрақты шұғылдануға тарту;
- мектеп жасындағы оқушыларды шахмат ойыны спортына баулу;
- салауатты өмір салттын насихаттау;
- рухани жігерлікке, адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу;
- спорттық ізбасарларды қалыптастыру үшін;
- өңірлік мектептердегі шахмат ойынның деңгейін арттыру.

## 3. Байқау қатысушылары

3.1. Байқауға Алматы қаласының жалпы білім беретін мектеп, лицей мен гимназиялардың 5-6, 7-8 сынып оқушыларынан құралған әр ауданнан 2 құрама команда қатысады. Команда құрамы: 4 ойыншы (2 ұл 2 қыз) + 1 оқу-жаттықтырушы.

## 4. ҚАТЫСУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

Байқаудың өткізілуі күні: 2022 жылғы 26 мамыр.

Өтетін орны: Махатма Ганди атындағы 92 мамандандырылған лицей

1 маусым – қалалық байқаудың жеңімпаздары балаларға арналған ауқымды мәдени-ойын-сауық бағдарламасымен марапатталады. Алаңдарда

спорттық эстафеталар, мастер-класстар, квесттер және көптеген қызықты іс-шаралар ұйымдастырылады.

## 5. Бағалаудың бағыттары мен критерийлері

Шахматтан барлық ойын ФИДЕ халықаралық ойын Ережесіне сәйкес өткізіледі.

Жеңімпаз командалар жинаған ең көп ұпай санымен анықталады. Команданың әр жеңісі үшін 2 ұпай, тең ойын үшін 1 ұпай, жеңіліс үшін 0 ұпай беріледі. Бір немесе бірнеше командалардың ұпай саны тең болған жағдайда келесі қосымша көрсеткіштер бойынша жеңімпаздар анықталады:

1) Команда мүшелерінің барлық жиған ұпай саны;
2) Командалық (қысқартылған коэффициент – Бухгольц)
3) Жеке кездесу;
4) Жеңіс саны.

**Өтініш қағазы.** Команданың өтініш қағазына ойыншының тегі, және 1 жаттықтырушы, жазылады. Өтінім парағы дәрігер мен мектеп директорының қолы мен мөрі арқылы куәландырылады. Әрбір ойыншының туу туралы куәлігі, жеке парақшасы, фотосуретте мектеп мөрі және директордың қолы қойылған болуы керек.

## 6. Ұйымдастыру комитеті және қазылар алқасының мүшелері

6.1. Байқауды ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз ету үшін тиісті кезеңде ұйымдастыру комитеті құрылады.

6.2. Ұйымдастыру комитеті жалпы басшылықты және байқауды өткізуді ұйымдастыру-әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырады, қазылар алқасының жұмысын қалыптастырады және үйлестіреді, өтінімдерді қабылдауды және тіркеуді жүргізеді, конкурстық жұмыстардың сараптамасын ұйымдастырады.

6.3. Байқаудың Ұйымдастыру комитеті конкурстық жұмыстарды бағалауды қамтамасыз ету үшін барлық іс-шаралар түрлері бойынша конкурстың қазылар алқасын құрайтын сарапшыларды (сараптама ұйымдарын) қатыстырады.

6.4. Байқаудың қазылар алқасының тәуелсіз мүшелерінің құрамын әрбір кезеңге тиісті кезеңнің ұйымдастыру комитеті жеке айқындайды.

## 7. Қорытындылау

7.1. Байқаудың қорытындысын Ұйымдастыру комитеті құрған қазылар алқасы шығарады. Байқаудың қазылар алқасының құрамына жетекші педагогтер, мәдениет және спорт қайраткерлері кіреді.

7.2. Қазылар алқасының құрамына әрбір іс-шара түрі бойынша кемінде 3 маман кіреді.

7.3. Байқаудың жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Әр жас санаты бойынша әр номинация үшін жеңімпаздар мен жүлдегерлердің санын қазылар алқасының мүшелері жеке анықтайды.

**Сұраныс**
**Шахматтан қалалық турнир**
**______________ ауданы № *** Мектеп гимназиясы**

| № | Аты-жөні | Туған күні, айы, жылы | ЖСН (ИИН) | Оқитын сыныбы | Дәрігер қолы, мөрі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | |
| 2. | | | | | |
| 3. | | | | | |
| 4. | | | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | | **Жаттықтырушы** | 8 700 700 00 00 |

**Дәрігер_______________________________________(Т.А.Ә.)**
**М.О (қол таңба)**

**Дене шынықтыру пәні мұғалімі (жаттықтырушы) ______________________________**
**(қол таңба)**

**Мектеп директоры _________________________________________**
**М.О (қол таңба)**

**«___» ___________ 2022 ж.**